

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Мектеп психологының 2023-2024 оқу жылында
атқарылған жұмыстар есебі

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде анықтама.

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылының 1 сыныбында 10 оқушы бар. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. 1 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.


1 сынып оқушыларының жетекшілерімен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Сынып жетекші оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалу бар.

Мектеп психологының жұмыс жоспары бойынша 14 қараша бірінші сыныптардың бейімделуін бақылау жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.


Қараша айында 1 сынып оқушыларынан «Баспалдақ әдістемесі», «Социометрия» әдістері алынды. Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін және достары арасында орынын анықтау. Қатысты: 10 оқушы.

Сынып	Жоғары	Орташа	Төмен
1	2	8	0



Қорытынды: Сынып оқушыларының мінездері ауыспалы соған байланысты бір-бірімен қарым-қатынастары да ауыспалы. Оқушылардың өздерін бағалауы жақсы.

Сыныптың қарым-қатынасы орташа деңгейде. Коррекциялық жұмыс: Сыныппен тренинг өткізу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған әдістермен жұмыс. 14.11.23 күні 1 сынып оқушыларынан Керн-Йерасек тестті алынды. Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау.



Қорытынды: Оқушының оқуға дайындығын зерттеу барысында-4 оқушы орташа деңгейді, және 6 оқушы жақсы деңгейді көрсетті. Оқушының оқуға дайындығын нормаға сай дегенді білдіреді. Мектепке бейімділігі қалыпты жағдайда.

12.11.23 күні: 1 сынып оқушылардың оқуға дайындығын анықтауға арналған тапсырмалар. Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау және мектеп пен сыныптастары арасындағы қарым - қатынасын бақылау. Қатысқан оқушылар саны- 10 оқушы. Сынып оқушыларымен «Оқушылардың зейіні мен оқу мотивациясын» анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар алынды. Тапсырмалар арқылы оқушылардың зейіннің тұрақтылығы, мектеп пен сыныптастары арасындағы бейімделуі мен беделі анықталды. Жазу, оқу, сызу, сөздік қорлары жалпы сыныптың жақсы деңгейде.

20.11 күні «Кел танысайық» тренингі өтті. Барлық оқушылар өте белсенді қатысты. Өздерінің сүйікті істері, достары, мектепте оқығандары ұнайтындарын айтты.

3 сынып оқушыларымен «Мен және отбасым» тақырыбында сурет алынды. Мақсаты: Оқушылардың отбасындағы рөлі мен қарым-қатынасын анықтау. Қатысқан оқушылар саны- 16.

12.12. күні 2 сынып оқушыларымен оқушылардың өзін-өзі бағалауын анықтау. Сынып арасындағы қарым-қатынасын бақылау. Мінез ерекшеліктеріне мән беру мақсатында тренинг өтті. Қатысқан оқушылар саны-7. Қатыспағаны: 1 себепті. Тренинг барысында оқушыларға психологтың қызметі, қандай көмек көрсетілетіндігі айтылды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Оқушылардың өздерін қаншалықты бағалайтындықтарын анықтау мақсатында «Менің жақсы қасиетім» деген жазбаша жұмыс берілді. Оқушылар өз бойындағы ұнайтын, ұнамайтын қасиеттерін жазды. Жаттығу қорытындысы бойынша оқушылардың көбі жақсы қасиеттерін айтқанда қиналды.

Оқушылардың есте сақтау, креативті ойлауын дамыту мақсатында «Сызықтарды екі қолмен жалғастыр» жаттығуы берілді. Оқушылар екі қолмен жазғанда басында аздап қиналды. Біра-ақ тапсырма балаларға өте ұнады. Оқушылардың көңіл күйлерін көтеру үшін тренинг соңында «Айдаһар» ойының ойнады.

11.12.23 күні 4 сынып оқушыларымен социометрия әдісі алынды. Қатысқан оқушылар саны-9 Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Сынып арасындағы оқушылардың қарым- қатынасын байқау. Оқушылардың сынып жетекшісімен, пән мұғалімдермен қарым-қатынасын анықтау.

Сынып оқушылары бір-бірімен ара қатынастары орташа. Мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы. Жалпы сыныптың сөздік қоры жақсы дамыған. Қиялдары, есте сақтау қабілеттері орташа.

Қиындық тудыратын пәндері: бес оқушыға ағылшын, төрт оқушыға-математика пәні.

Ұнататын пәндері: музыка, қазақ тілі, әдебиет, сурет, дене тәрбиесі. Қорытынды. Жалпы сыныптың оқу мотивациясы мен бір-біріне деген қарым-қатынастары жақсы. Мектепішілік сайыстарға, мерекелік іс-шараларға белсенді қатысады. Оқушылар сынып жетекшесімен жақсы қарым-қатынаста.

Оқушылардың орта буынға бейімделуі барысында жүргізген жұмыстар туралы анықтама. Желтоқсан 2023 жс.

Мектебімізде 5 сыныбында 11 оқушы, оның ішінде 4- ұл, 7-қыз оқиды. Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, мектепішілік шараларға қатысуы жақсы.

5 сыныптың орта буынға бейімделуі жақсы. Анықтау мақсатында оқушылардың оқу әрекетінің мотивациясына арналған сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесінде сынып оқушылардың көбі жақсы көңіл күймен келетіндіктерін айтты. Оқушылардың пәнге деген көз қарастарын анықтауда оқушылардың ағылшын пәнінен оқуда аздап қиналатындықтарын көрсеткен.

Оқушылардың барлық мұғалімдер мен және сынып жетекшілермен қарым-қатынасы өте жақсы. Оқушылардың есте сақтау қабілетін анықтау барысында 5 сынып бойынша есту арқылы есте сақтау- 25% , көру арқылы есте сақтау- 55%, көріп –қайталау арқылы есте сақтау- 75% нәтиже көрсетті.

Сынып оқушыларымен «Мен өмірді сүйемін», «Мен және менің әлеуметтік рөлім» , «Өз мінез құлқынды қалай тәрбиелейсің?» атты тақырыптар да психологиялық тренингтер өтілді. Онда оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне қарай нені білу керек екендігін білді. 5- сыныптың бастауыш сыныптан қандай айырмашылықтары бар екендігі туралы ойларын ортаға салды.

Оқушыларға мейірімділік, көңіл-күй, пәнге деген қызығушылық (көрнекіліктер), мұғалімнің көңіл аударуы қажет. Жалпы 5-сыныптың бейімделуі қалыпты жағдайда өтуде.

12.12 күні 7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мақсаты: Оқушылардың оқуға деген көзқарасын білу. Сынып арасындағы оқушылардың қарым-қатынасын байқау. Оқушылардың сынып жетекшісімен, пән мұғалімдермен қарым-қатынасын анықтау. 7 сынып оқушылары бір-бірімен өте тату. Мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы. Сабаққа ынталары орташа. Сынып жетекшісімен ара қатынастары жақсы.Сауалнама нәтижесінде сынып оқушылардың көбі жақсы көңіл күймен келетіндіктерін айтты. 6.11-10.11 күндер аралығында 5-11 сыныптар арасында оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

13.11.2023 күні 8 сынып оқушыларымен «Мен өмірде қандай жетістікке жете аламын?» тақырыбында тренинг сабақ өтті. Мақсаты: Балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, адамгершілік қасиетін жоғарлату. Өмірде өз орындарын дұрыс табуға көмектесу.

19.11.23 күні 9 сынып оқушыларынан тест алынды. Мақсаты: 9 сынып оқушылардың қандай пәнге деген қызығушылықтарын анықтау. Сауалнама 37 сұрақтар құралған. Барлық оқушылар толық жауап берді.

6 қазан күні сынып жетекшілерден сауалнама алынды. Мақсаты: Сыныптағы проблемалық ахуалды, беделді, тұйық оқушыларды анықтау. Сауалнама көмегімен жеке оқушыларды зерттеу. Сауалнама 7 сұрақтан құралған. Жалпы сынып жетекшілер саны 9. Қорытынды: Оқушылардың оқу мотивациясы мен ұстаздармен қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, психологиялық диагностика жүргізіліп, анықталған оқушылармен психологиялық түзету жұмыстары жүргізіледі. 15.11 күні 8 сынып оқушыларынан сауалнама (А. Басс және А.Дарки) алынды.

Мақсаты: Агрессиялық мінез-құлықты анықтау. Қатысқаны: 12 оқушы.

Сауалнама 75 сұрақтан құралған. Сауалнама арқылы оқушылардың өмірдегі әр түрлі жағдайларға қалай қарайтындықтарын анықтау болады.

28.11 күні мұғалімдер арасында «Ұжымды біріктіру. Эмоциялық көңіл күйлерің көтеру» мақсатында тренинг өткізілді.

4.12.2023 күні қызбалалардың қауіпсіздігі мен сауаттылығын арттыру. **Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында** 6-9 сынып қыздары арасында жиналыс өтті. Қыздарға ерте жүктіліктің зияны жөнінде. Адам денсаулығы мен болашағына тигізер зардабы жөнінде мектеп медбикесі дәріс оқыды.

Дәріс барысында қыздарға презентация көрсетілді. Етеккір жөнінде ақпарат берілді. Қорытындысы бойынша: 7-11 қыздары ақпарат көздерімен таныс, бастапқыдан қарағанда ерте жүктіліктің қаншалықты зиян екендігі анық түсіне біледі.

Мектепбімізде ПМПК тіркеуінде тұрған 1 оқушы білім алуда. Жеке жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспарға сай психолог, әлеуметтік педагог мамандары жұмыстануда. Әр маманның өз жоспарына сай жұмыстар атқарылыуда. Соның ішінде психологиялық жұмысқа тоқтала кететін болсам, жалпы ПМПК тіркеуінде тұрған 8сынып оқушысы Бисенғали Асылхан Бақтыгерейұлы. Жеке жұмыстанған кезде ешқандай дөрекі мінез көрсетпейді, зейін қою деңгейі тұрақты. Ойлау деңгейі орташа. Қабылдау, еске сақтау деңгейлері қалыпты. Есту қабілеті жақсы, берген тапсырманы орындауға тырысады. Жұмыстану барысында бар зейінің қойып тындайды. Ол әркез сәлемдесіп жүреді, көмектесуге дайын, бос уақытын технология кабинетінде түрлі ағаш бұйымдарын жасайды.


Наурыз айында балалар мен жасөспірімдердің бойында өмірлік ұстанымын қалыптастыру бойынша «Дос болайық!» атты айлығының іс-шаралар жоспарына сай бірнеше шаралар өткізілді. Аттап өтетін болсам: «Сенім жәшігі» жұмыстарының қадағалануы; «Депрессивтік жағдай Зунге», Т.И.Балашов бейімдеген әдістемесі; «Менің мектептегі ерекше бір күнім» арттерапиялық жаттығуы; «Менің көңіл күйім», «Өмір қымбатсын маған», «Менің өмірлік жолым», «Жетістікке жету өз қолында» атты тренингтер; «Менің өмірім...» атты тақырып төңірегінде эссе; «Отбасы құндылықтары», «Баладағы невроз және оның алдын алу», «Жасөспірімдердің психологиялық ерекшелігі» атты

тақырыптарды ата-анамен педагогтарға тренингтер және кездесулер өткізілді. Бұл айлықты мектеп әкімшілігі болып бірлесе жұмыстанып өткіздік.

Абай ЖОББ мектебінде үнемі сенім жәшігі тексеріліп отырылады. Жоғары атап өткендей ақпан айының 14-15 күні аралығында «Зунге» сауалнамасы өткізілді. Сауалнамаға 8-9 сынып оқушылары қатысты, барлық оқушы саны 18. Осы сауалнама бойынша депрессиялық жағдайдың жеке жағдайын диагностикалау, депрессияға жақын жағдайды скринингті-диагностикалауды анықтау барысында оқушыларда депрессия шкаласы төмен көрсеткішті көрсетті.

Ақпан айының 24-25 күні аралығында 7-11 сынып оқушыларына «Менің өмірім...» атты тақырып төңірегінде мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері эссе жазғызды. Қатысқан оқушылардың жалпы саны – 20 оқушы. Әр оқушы өз ойларын қағаз бетіне түсірді.

Ақпан айының 27 күні арттерапия жаттығулары арқылы оқушылардың қол моторикасын дамыту, көңіл-күйлерін анықтау арқылы оқушылардың өмірге деген құштарлығын арттыру. Мектеп мотивациясын жоғарлату мақсатында «Менің мектептегі ерекеше бір күнім» атты тақырыпта арт-терапия. 4-5 сынып оқушыларына өткізілді. Бұл арттерапияға қатысуы тиіс-20 оқушы, қатысқаны -16 оқушы, себепті-4 оқушы. Шара барысында балалар белсенділік танытып, әр тапсырмаға зейін қойып қызығушылықпен қатысты.



Ақпан айының 28 күні оқушының өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру. Көңіл-күйін жағымды арнаға түсіруге баулу. Көтеріңкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу мақсатында «Менің көңіл-күйім» атты тренинг 5-6 сынып оқушыларына өткізілді. Тренинг барысында бірнеше құрал-жабдықтар қолданылып, сергіту сәтті, ойындар жүргізілді. Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп қана қоймай, сонымен қатар айналасындағы адамдарға, достарына мейірім шуағын шашу, мейірімді болу, әр қашан көтеріңкі көңіл күймен жүрген дұрыс екендігі түсіндірілді және осы ұстанымды қолдады.

Наурыз айының 01-02 күні 7-11 сынып оқушыларының ата-аналарына «Отбасы құндылықтары» атты тақырып төңірегінде кездесу өткізілді.

Наурыз айының 3 күні оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру мақсатында. «Менің өмірлік жолым» атты тренинг 8-9 сынып оқушыларына өткізілді. Тренинг барысында бірнеше тренингтер мен ойындар қолданылды. Мәселен: «Аяқталмаған сөйлем», «Гүл бетіндегі менің отбасым», «Ұшақ» тренингтері барысында оқушылар өте белсенділік танытып отырды. Наурыз айының 4 күні Өмір туралы дұрыс шынайы көзқарас қарым-қатынас орнату мақсатында. «Өмір қымбатсың маған!» атты тақырыпта 7-8 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. Жас өмір, жалынды өмір, думанды өмір, Жазира дарқанды өмір, дарынды өмір, Көтеріп ақ тілегін тудай көкке, Алдыға жайып салар барын өмір,- дей келе, әр адам баласына бір –ақ рет берілетін өмірді мәнді де, сәнді, бақытты да, қызықты өткізулеріне тілектес екендігімізді айттық.

Өмірге позитивті көзқарас жұмыс жоспары бойынша жыл бойы атқарылған психологиялық профилактикалық жұмыстарға тоқталатын болсам: өздерін қоғамдық орында ұстау мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Өзін тәрбиелеу өмір талабы» атты тақырыпта әңгімелесу 8-9 сынып оқушылары арасында. Өзінің ерекшелігін білу, қабылдау мақсатында 7 сынып оқушыларына «Менің ішкі әлемім»; 8 сыныпқа жыныстық тәрбие бойынша шынайы достық пен махаббаты ажырата білу мақсатында «Достық және махаббат»; 5 сыныпқа бейімделу кезіндегі қолдау көрсету мақсатында «Сенімділік күш береді»; атты түрлі тренингтер өткізілді.

Өмірге позитивті көзқарас жұмыс жоспары бойынша жыл бойы атқарылған ағартушылық-кеңес жұмысына тоқталатын болсам: жаңадан келген жас мамандарға бейімделу кезінде қолдау мақсатында «Жас маманның бейімделуі» атты тақырыпта тренинг, сауалнама; оқушылармен дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында «Қарым-қатынас» атты тақырыпта тренинг өткізілді. Сынып жетекшілеріне оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Буллинг. Жасөспірімдер арасында суицидке итермелейтін әрекеттің алдын алу» атты тақырыпта баяндама оқылды. Ата-ана мен оқушыларға бала мен ата-ана арасында жағымды көңіл-күй қалыптастыру мақсатында «Менің көңіл күйім» атты тренинг өткізілді.

Құқықбұзушылық және діни экстремизмнің алдын алу бағыты бойынша да жұмыстар атқарылды. «Діни экстремизм туралы не білесіз?» сауалнамасы өткізілді. Сауалнамаға 11-14 жас аралығындағы 7-8 сынып оқушылары қатысты. Осы сауалнама бойынша оқушылардың дін жайындағы түсінігін, білімін анықтау барысында оқушыларда дін жайындағы түсінігі аздығы анықталды.

Ата-аналарға арнап құрылған жұмыс жоспары бойынша жыл бойы көптеген жұмыстар атқарылды. Бейімделу кезінде қолдау көрсету мақсатында 1,5 сынып оқушыларының ата-анарымен кездесу кезінде: 21 ғасыр ата-аналарының «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы Республикалық ата-аналар конференциясы «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» атты

тақырыпта жиналыс өткізілді. 5 сынып оқушыларының ата-аналарына «Бейімделу кезіндегі 5-ші сыныптағы қиындықтар»; атты тақырып төңірегінде баяндама оқылды.



Баланың демалыс уақытын, бос уақытын тиімді пайдалану әдістерімен бөлісу мақсатында «Демалыс күн мейрам күндерін баламен өткізу» атты тақырыпта тренинг; ата-анаға баланың психологиялық жағдайын түсіндіру, жеке тұлға болып қалыптасуындағы рөлін таныту мақсатында «Ата-ана беделі неге байланысты?» атты тақырыпта баяндама оқылды.

Жалпы ата-аналарға мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып интернет желісі жайлы хабар беріп жиналыс өткізілді. Абай ЖОББ мектебінде I жартыжылдық бойында (оқу мотивациясын анықтау, социометрия, қызығушылық картасы, ерте жүктіліктің алдын алу, интернетке тәуелділікті анықтау, агрессивті мінезді анықтау, тәуекел топты анықтау, мұғалімдер және ата-аналардан) сауалнамалар алынды.

Мектеп психологы: Ашықбаева А.Е